

Амангелді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы № 220 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 маусымда № 7848 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Амангелді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

2016 жылғы 8 қыркүйектегі № 64 "Амангелді ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6648 тіркелген, 2016 жылғы 21 қазанда "Амангелді арайы" газетінде жарияланған);

2017 жылғы 23 ақпандағы № 96 "Мәслихаттың 2016 жылғы 08 қыркүйектегі № 64 "Амангелді ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6945 тіркелген, 2017 жылғы 7 сәуірде "Амангелді арайы" газетінде жарияланған).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Д. Есмағамбетова
Қ. Кеделбаев*

КЕЛІСІЛДІ

"Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Р. Искаков